



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ





ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

МАЗМҰНЫ

ТӨРАҒАНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ	1
ЦИФРМЕН КӨРСЕТІЛГЕН НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР	2
ҰЛТТЫҚ БАНК ТУРАЛЫ	3
ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ НЕГІЗГІ МАНДАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ – БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	3
ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ	3
2024 ЖЫЛҒЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР	6
СЫРТҚЫ КОНЬЮНКТУРА	6
ІШКІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР	6
ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ	9
АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ	9
2024 жылғы ақша-кредит саясатының негізгі шаралары	9
Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі	10
ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ	13
ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ	14
Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін басқару	14
Ұлттық қордың активтерін басқару	15
Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару	16
Тәуекелдерді (қаржылық) басқару	17
ТӨЛЕМ НАРЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ	17
Төлем жүйелері	17
Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы	18
Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы	19
ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ	20
Қолма-қол ақша эмиссиясы және айналысы	20
Банкноттар мен монеталардың сараптамасы	20
Коллекциялық және инвестициялық монеталар, аффинирленген алтынның өлшеуіш құймалары	21
ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ	21
Валюталық реттеу және валюталық операциялардың мониторингі	21
Қолма-қол шетел валютасымен жасалған операцияларды бақылау	22
СТАТИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	22
ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ	24
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ	25
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	25
ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ	27
ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ҰЙЫМДЫҚ ДАМУЫ	28
АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМУ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ	28
ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОРҒАЛУЫН ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	28
ІШКІ АУДИТ	29
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ	30

ТӨРАҒАНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

2024 жылы әлемдегі және Қазақстандағы экономикалық жағдай орнықтылық пен оң динамиканы көрсетті. Энергия көздеріне бағаның жаһандық төмендеуі инфляцияның бәсеңдеуіне ықпал етті, ал жетекші орталық банктердің ақша-кредит саясатын жеңілдетуі экономикалық белсенділікке қолдау жасады. Геосаяси тәуекелдердің сақталуына қарамастан, әлемдік экономика 3,2%-ға өссе, жыл соңына қарай әлемдегі инфляция 5,7%-ға дейін (экономикасы дамыған елдерде – 2,6%, нарығы қалыптасып жатқан елдер мен дамушы елдерде – 7,8%-ға) қысқарды.

Қазақстан экономикасы 4,8%-ға өсті. Инфляция тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі – ТКШ) саласындағы тарифтердің өсуіне қарамастан 8,6%-ға дейін төмендеп, сараланған ақша-кредит саясатының нәтижесін көрсетті. Ұлттық Банк саясатының ашықтығы мен оған деген сенімді арттыру мақсатында біз базалық мөлшерлеме бағытының болжамын жариялай бастадық, бұл коммуникацияны және нарықтың күтілген басқару құралдарын дамытудағы маңызды қадам болды.

Сыртқы экономикалық қызметті көрсететін негізгі көрсеткіш бойынша оң динамика байқалады. Сауда балансының профициті сақталып, төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығы 3,7 млрд АҚШ долларына дейін – екі еседен жоғары қысқарды.

Жалпы Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қосқанда, елдің жалпы халықаралық резервтері 8,7 млрд АҚШ долларына ұлғайып, 104,7 млрд АҚШ долларын құрады, оның 45,8 млрд АҚШ доллары – алтын-валюта резервтері, 58,8 млрд АҚШ доллары – Ұлттық қордың активтері. Ұлттық қордың активтерін басқарудың қорытындысы бойынша 4,6 млрд АҚШ доллары немесе 7,6% мөлшерінде оң инвестициялық табыс қалыптасты, бұл активтердің теңгерімді стратегиялық аллокациясын қолдаумен байланысты.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – БЖЗҚ) зейнетақы активтері 22,4 трлн теңгеге дейін 25,9%-ға ұлғайды. Инвестициялық табыс екі еседен аса өсіп, 3,4 трлн теңгені құрады. Зейнетақы активтерінің кірістілігі 8,6% инфляция кезінде 17,8%-ды құрады.

Банк секторында да айтарлықтай оң өзгерістер орын алды. Банктердің активтері бір жыл ішінде 19,7%-ға ұлғайып, 61,6 трлн теңгеге жетті. Меншікті капиталдың жеткіліктілігі белгіленген нормативтерден екі есе артып, жоғары деңгейде қалды, ал жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі небәрі 3,1%-ды құрап, кредиттік портфельдің жоғары сапасын көрсетеді.

Депозиттер тарихи ең жоғары деңгей – 41,3 трлн теңгеге жетті, ал долларландыру деңгейі ең төменгі мәндерге жақындап, 22,5%-ға дейін төмендеді. Бұл халық пен бизнестің елдің ұлттық валютасы мен қаржы жүйесіне деген сенімін растайды.

2024 жылы біз қаржы нарығында инновациялық технологияларды ендіруді қолдай отырып, елдің төлем инфрақұрылымын белсенді түрде дамытуды жалғастырдық. Ұлттық Банк Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің және Банкаралық клиринг жүйесінің операторы ретінде «Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ-мен бірлесіп, олардың тұрақты және үздіксіз жұмысын 99,96% деңгейінде қамтамасыз етті.

Қаржы секторындағы технологиялық өзгерістер халық арасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың одан әрі өсуіне ықпал етті. Халықтың қолма-қол ақшасыз операцияларының көлемі 17%-ға ұлғайып, 166 трлн теңгеге жетті, ал қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 87%-ды құрады. Бұл азаматтардың Қазақстандағы заманауи қаржы құралдары мен цифрлық сервистерге деген сенімінің жоғары деңгейін айқын көрсетеді.

Қаржы ұйымдары көрсететін қызметтердің аясы кеңейіп, пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін сервистердің кең ауқымын интеграциялайтын банкке бағдарланған жаңа экожүйелер қалыптасып жатыр. Біз Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі, Мобильді төлемдердің банкаралық жүйесі, Ұлттық Банктің Open API¹, Антифрод-орталығы платформалары, сондай-ақ Цифрлық теңге және биометриялық сәйкестендіру платформалары сияқты жобалар іске асырылатын Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту жұмысын жалғастырамыз.

¹ Application Programming Interface – қолданбалы бағдарламалау интерфейсі

ЦИФРМЕН КӨРСЕТІЛГЕН НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ	8,6% жылдық инфляция	ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ИН- ФРАҚҰРЫЛЫМ	ТКБЖ-да 1 миллиардтан астам операция өңделді
	15,25% базалық мөлшерлеме		СДАО-да 31,3 млн өтінім өңделді
	қыркүйек 2024 базалық мөлшерлеменің болжамын жариялау		39 278 оқыс оқиға, т 2 миллиардтан астам антифрод-орталықта тіркеліп, өңделді
ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ	20,4% – k1 22,0% – k2 капитал жеткіліктілігі	ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ИН- ФРАҚҰРЫЛЫМ	252,9 млрд цифрлық теңге Ұлттық қордың облигациялық қарыздары
	3,1% NPL 90+		
ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ	\$ 45,8 млрд алтын-валюта резервтері	ҚОЛМА-ҚОЛАҚША АЙНАЛЫСЫ	т 4,7 трлн айналыстағы қолма-қол ақша
	\$ 58,8 млрд Ұлттық қор активтері		108 дана немесе т 516 мың қолдан жасалған ақша белгілері анықталды
	т 22,4 трлн БЖЗҚ активтері		
ТӨЛЕМ НАРЫҒЫ	86,6% қолма-қол ақшасыз операциялар- дың үлесі	ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ	27 зерттеу жұмысы жарияланды
	41,2 млн белсенді төлем карточкалары		2 грант зерттеуге алынды
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ	т 41,9 трлн экономикаға кредиттер	КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ	IV Халықаралық ғылыми-практикалық конферен- ция-семинар
	т 41,3 трлн салымдар		300-ден астам ақпараттық материалдар
	22,5% долларландыру		41 мыңнан астам жазылушы Ұлттық Банк аккаунттарының жиынтық аудиториясы
			Жарияланымдар қамтылымы 100 мыңнан астам пайдаланушы

СДАО – Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы
ТКБЖ – Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі

ҰЛТТЫҚ БАНК ТУРАЛЫ

ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ НЕГІЗГІ МАНДАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ – БАҒА
ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Ұлттық Банк – Қазақстанның екі деңгейлі банк жүйесінің жоғары деңгейін білдіретін елдің орта-лық банкі. Оның қызметі Конституциямен және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңмен, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерімен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Ұлттық Банк негізгі мақсатын іске асыру үшін инфляциялық таргеттеу режимі шеңберінде ақша-кредит саясатын әзірлейді және іске асырады. Ақша-кредит саясатының мақсаты – жылдық инфляцияны орта мерзімді кезеңде 5%-ға жуық деңгейде ұстап тұру.

Негізгі мақсатқа жету үшін Ұлттық Банкке мынадай міндеттер жүктеледі:

- ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;
- төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығының статистикасы және сыртқы сектор статистикасы са-ласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыру.

Қазақстанның Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде берілген өкілеттіктер шегінде өз қызметін тәуелсіз жүргізеді. Өзінің негізгі функцияларын орындауға және ақша-кредит саясатын жүргізуге қайшы келмесе, мемлекеттің эконо-микалық саясатын ескеріп және оны іске асыруға жәрдемдесе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара іс-қимыл жасайды.

ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ


Ұлттық Банктің құрылымы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №1271 Жарлығымен бекітілген.

2024 жылдың соңында Ұлттық Банктің құрылымы мынадай болды:

- орталық аппараттың 23 бөлімшесі (21 департамент және 2 дербес басқарма);
- Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігі;
- 21 филиал;
- 2 ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік кәсіпорын (1-сурет).



1-сурет. Ұлттық Банктің құрылымы



Ұлттық Банктің органдары – Басқарма, Ақша-кредит саясаты комитеті және Директорлар кеңесі. Басқару органдарының өкілеттіктері «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңда және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында айқындалған.

Ұлттық Банктің Басқармасы – ақша-кредит саясатының, қаржылық тұрақтылықтың және елдің қаржы жүйесі жұмысының стратегиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын жоғары басқару органы. Басқарманың құрамына 9 мүше:

- Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы;
- Қазақстан Ұлттық Банкінің 4 лауазымды адамы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің өкілі;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2 өкілі;
- қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілі кіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті – ақша-кредит саясаты мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын орган. Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті:

- 1) базалық мөлшерлемені белгілейді;
- 2) ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілейді;
- 3) Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының айрықша құзыретіне жатпайтын ақша-кредит саясатының өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды. Қазіргі кезде комитеттің құрамына:
 - Ұлттық Банктің Төрағасы;
 - Ұлттық Банк Төрағасының ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарлары;
 - ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық департаменттерінің директорлары кіреді;
 - сонымен қатар төлем балансы, зерттеулер және талдама орталығы департаменттерінің директорлары да Комитеттің мүшелері болады.

Комитеттің құрамына болашақта сырттан мүшелерді енгізу жөніндегі норма заңнамалық түрде көзделген, бұл қабылданатын шешімдердің айқындылығын арттырады және Ұлттық Банкке деген сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Директорлар кеңесі Ұлттық Банктің жедел басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесінің құрамына Ұлттық Банктің Төрағасы, оның орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары кіреді.

2024 ЖЫЛҒЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

СЫРТҚЫ КОНЬЮНКТУРА

2024 жылы әлемдік экономика 3,2%-ға өсті². АҚШ-тағы жоғары экономикалық белсенділік дамыған елдер экономикасының өсуіне негізгі үлес қосты, ал Еуропа елдері болса өңдеу өнеркәсібіндегі тоқырау салдарынан тежеуші ықпал жасады. Қытайда жылжымайтын мүлік нарығындағы қиындықтарға және төмен ішкі сұранысқа байланысты құрылымдық проблемалар сақталғанымен, елдің экономикасы 5,0%-ға өсті. Ресейдің экономикасы 3,8%-ға дейін жылдамдады.

Жаһандық инфляциялық жағдай әлсіреді. Көптеген елдерде жалпы және базалық инфляция айтарлықтай баяулады, алайда нысаналы мәндерден жоғары болып отыр. Дамыған елдерде көрсетілетін қызметтер мен қуатты еңбек нарығы баға өсуінің негізгі факторлары болуда, ал дамушы елдерде тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің мейлінше кең ауқымына бағаның өсуі байқалады. 2024 жылғы желтоқсанда инфляция АҚШ-та 2,9%, Еуроодақта 2,7% болды. Қытайдағы әлсіз тұтынушылық сұраныс инфляцияның нысанадан төмен деңгейде сақталуына ықпал етті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Ресейдегі жылдық инфляция экономикадағы теріс үдеу, мемлекеттік шығыстардың өсуі және жұмыс күшінің тапшылығы жағдайында 9,5%-ға дейін жылдамдады.

Инфляцияның баяулауы аясында және экономикалық белсенділікті ынталандыру мақсатында көптеген орталық банктер ақша-кредит саясатын жеңілдету циклін бастады. АҚШ-та Федералды резервтік жүйе жыл соңына қарай мөлшерлемені 5,25%-5,50%-дан 4,25%-4,50%-ға дейін, Еуропа орталық банкі бір жыл ішінде 4,5%-дан 3,15%-ға дейін 135 базистік тармаққа төмендетті. Дамушы елдерде мөлшерлемелерді төмендету айқынырақ болды. Сонымен қоса, 2024 жыл бойы Ресейдің Орталық Банкі жылдамдап жатқан инфляция жағдайында негізгі мөлшерлемені 21%-ға дейін үш рет көтерді.

2024 жылы әлемдік азық-түлік нарықтарының сыртқы инфляциялық қысымы 2023 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдар мен қанттың мейлінше төмен бағасына байланысты төмендеді. Сонымен қатар, жыл бойы өсімдік майының қымбаттауы байқалды. 2024 жылы Brent маркалы мұнайдың әлемдік бағасы орташа есеппен бір баррель үшін 80,5 АҚШ долларын (2023 жылы бір баррель үшін 82,64 АҚШ долларын) құрады. Жылдың екінші жартысында мұнайдың бағасы Қытайдың әлсіз сұранысының және ОПЕК+ елдерінен тыс елдерде мұнай өндіруді арттырудың әсерінен төмендеді.

2024 жылы сыртқы экономикалық ахуал Қазақстанның экономикасына бірқалыпты теріс әсерін тигізді, бұл жаһандық белгісіздік пен геосаяси тәуекелдер аясында АҚШ долларының жаһандық деңгейде нығаюына, сондай-ақ Ресейдегі инфляцияның жоғары деңгейі аясында сыртқы инфляциялық қысымның сақталуына байланысты болды.

ІШКІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

2024 жылғы II тоқсанда су тасқыны мен мұнай өндірудің қысқаруына байланысты экономиканың баяулауына қарамастан, жыл қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының нақты мәнде 4,8%-ға сенімді түрде өсуі көрініс тапты (2-сурет).

Экономиканың өсуіне орнықты тұтынушылық сұраныс пен шикізатқа жатпайтын сектордағы инвестициялық белсенділік қолдау жасады. Мұнай саласынан басқа негізгі салаларда оң динамика көрініс берді: ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібінің өсуі есебінен тауарларды өндіру 5,6%-ға артты, ал инфрақұрылымдық жобалар мен тұрғын үй құрылысының арқасында құрылыс жеделдеді. Сонымен қатар, тау-кен өнеркәсібі мұнай өндірудің төмендеуіне байланысты теріс үлес қосты.

Фискалдық саясат пен тұтынушылық кредиттеу қолдаған ішкі сұраныс қызмет көрсету саласының 4,7%-ға, әсіресе сауда, көлік және байланыс салаларының өсуіне ықпал етті.


Инвестициялық белсенділік түрлі бағытта дамыды. Шикізатқа жатпайтын секторларға салынған салымдардың өсуіне қарамастан, негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны негізінен Теңіз кен орнындағы жұмыстардың бір бөлігі аяқталғаннан кейін мұнай секторына салынған инве-

² ХВҚ деректері бойынша «Әлемдік экономиканың даму перспективалары. Бюллетень» 2025 жылғы қаңтар



стициялардың қысқаруына байланысты 2023 жылғы 11,2%-дан 7,5%-ға дейін баяулады. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде ТКШ инфрақұрылымын жаңарту, «Жайлы мектеп» жобасының арқасында білімге салынған салымдарды ұлғайту (+143,3%), сондай-ақ өңдеу өнеркәсібіне, құрылысқа, көлікке және ғылыми-техникалық қызметке белсенді түрде инвестициялау арқылы инвестициялардың өсуіне қолдау жасалды (3-сурет).

2-сурет. Нақты ЖІӨ-нің өсу қарқыны, ж/ж %-бен



Дереккөзі: ҚР СЖЖРА ҰСБ

3-сурет. Негізгі капиталға салынған инвестициялар, ж/ж %-бен



* мемлекеттік бюджеттен бөлінген инвестицияларды қоспағанда, шикізатқа жатпайтын сектордың негізгі капиталына салынған инвестициялар


Фискалдық саясат экономикалық өсуге айтарлықтай қолдау көрсетті. 2022–2023 жылдардағы екі таңбалы өсуден кейін 2024 жылы мемлекеттік бюджеттің кірістері 8,9%-ға ұлғайды. Кірістердің негізгі үлесін салық түсімдері мен трансферттер құрайды. Бұл ретте трансферттердің үлесі 16%-дан (Ұлттық қордың «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын сатып алуын ескергенде 21%) 21%-ға дейін («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларын сатып алуды ескергенде 22%) өсті, ал салықтардың үлесі 76%-дан 73%-ға дейін төмендеді (4-сурет).

Салық түсімдері 4,2%-ға өсті. Жеке табыс салығынан (23,1%-ға өсу) және әлеуметтік салықтан (19,5%-ға) түсетін түсім айтарлықтай өсуді көрсетті. Алайда, ең ірі салықтар әлсіз динамиканы көрсетті: корпоративтік табыс салығы бойынша түсімдер 3,3%-ға өсті, ал қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) бойынша түсімдер 8,7%-ға төмендеді.


Мемлекеттік бюджеттің шығындары 13,3%-ға өсті (5-сурет). Білім беруге жұмсалған шығыстар – 15,5%-ға, әлеуметтік көмек пен қамсыздандыру – 14,2%-ға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 24,1%-ға, көлік пен коммуникацияға жұмсалған шығыстар – 24,7%-ға өсті.

Нәтижесінде мемлекеттік бюджеттің тапшылығы 3,6 трлн теңгені немесе жалпы ішкі өнімге (бұдан әрі – ЖІӨ) қатысты 2,7%-ды құрады. Бұл ретте Ұлттық қордан бөлінетін трансферттердің өсуі аясында мұнайға жатпайтын тапшылықтың жоғары деңгейі сақталып, алдын ала деректер бойынша ЖІӨ-ге қатысты 8%-ды («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның акцияларын Ұлттық қорға сатудан түскен дивидендтерді ескергенде 8,4%) құрады.

4-сурет. Мемлекеттік бюджет кірісінің құрылымы, жалпы кірістің %-ы



5-сурет. Мемлекеттік бюджет шығынының құрылымы, жалпы шығынның %-ы



Тауарлар импорты³ 61,2 млрд АҚШ долларына дейін 1,3%-ға (2023 жылы 60,4 млрд АҚШ доллары) ұлғайды. Мұнай, дәнді дақылдар және газэкспортының төмендеуі аясында тауарларэкспорты 80,1 млрд АҚШ долларына (2023 жылы 80,3 млрд АҚШ доллары) дейін 0,2%-ға қысқарды. Төлем балансының ағымдағы шоты тапшылықпен қалыптасып, 3,7 млрд АҚШ долларын (2023 жылы – тапшылық (-)9,4 млрд АҚШ доллары) құрады. Сауда балансының профициті 18,9 млрд АҚШ долларына (2023 жылы – 19,8 млрд АҚШ доллары) дейін 4,8%-ға азайды.

Ағымдағы шоттың тапшылығы Қазақстан экономикасы резиденттерінің сыртқы активтері мен міндеттемелеріндегі өзгерістерді қамтитын қаржы шотының операцияларымен қаржыландырылды. Резервтік активтер (Ұлттық қордың активтерін есептемегенде) тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық импортының 7,4 айын өтей отырып, 45,8 млрд АҚШ долларын құрады. 2025 жылғы 1 қаңтардағы сыртқы борыш 164,7 млрд АҚШ долларын (2024 жылғы 1 қаңтарда 163,7 млрд АҚШ доллары) құрады.

ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

2024 жылғы ақша-кредит саясатының негізгі шаралары

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты – баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Негізгі мақсатты іске асыру үшін Ұлттық Банк теңгенің өзгермелі айырбастау бағамы кезінде инфляциялық таргеттеу режимінде ақша-кредит саясатын жүргізеді. Ақша-кредит саясатының мақсаты – орта мерзімді кезеңде жылдық инфляцияны 5%-ға жуық ұстап тұру.


Пандемиядан кейінгі даму және геосаяси қарама-қарсылықтар, сондай-ақ бағаларды ырықтандыру бойынша жүргізіліп жатқан реформалар жағдайында Ұлттық Банк инфляция бойынша таргетке қол жеткізуге жоспарлы түрде бет бұрды.

Жүргізіліп жатқан саясат есебінен Қазақстанда 2024 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 8,6%-ға (2023 жылы – 9,8%) дейін 1,8 пайыздық тармаққа төмендеді (6-сурет).


2024 жылғы бірінші жартыжылдықта азық-түліктің әлемдік бағасының төмендеуі, жаһандық инфляциялық қысымның әлсіреуі және валюта нарығындағы тұрақтылық инфляцияның төмендеуіне және монетарлық шарттардың жеңілдеуіне ықпал етті. Инфляцияның баяулауы аясында Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 15,75%-дан 14,25%-ға дейін 1,5 пайыздық тармаққа төмендетті.

Алайда, есепті жылдың екінші жартысында инфляция сыртқы факторлардың (АҚШ-тағы сайлау, Д. Трамптың саясаты, геосаяси ахуал, Ресейге қарсы санкциялар) нашарлауына байланысты теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуі, фискалдық ынталандыру, Қазақстанның басты сауда әріптесі – Ресейде инфляцияның өсуі салдарынан күшейе бастады. Осындай жағдайлардың ықпалынан 2024 жылғы 29 қарашада Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 15,25%-ға дейін 1 пайыздық тармаққа көтерді (7-сурет).

6-сурет. Инфляция динамикасы, %



7-сурет. Базалық мөлшерлеменің траекториясы



Дереккөзі: СЖЖРА ҰСБ

Инфляция құрылымындағы азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын компоненттердің баяулауы байқалды, бұл ретте ақылы қызметтердің инфляциясы жылдамдады. Азық-түлік инфляциясы 2023 жылдың соңындағы 8,5%-дан 2024 жылғы желтоқсанда 5,5%-ға дейін төмендеді, бұған азық-түліктің әлемдік бағасының төмендеуі және ауыл шаруашылығы өнімдерінің арзандауы ықпал етті. Алайда, жылдың екінші жартысында көгөніс бағасының күрт өсуі байқалды. Азық-түлікке жатпайтын инфляция жанар-жағармай материалдары бағасының бірқалыпты өсуі аясында 9,1%-дан 8,3%-ға дейін баяулады. Бұл ретте екінші жартыжылдықта теңгенің әлсіреуі тұрақты тұтынушылық сұраныспен бірге бағаның өсуіне алып келді.

Ақылы көрсетілетін қызметтер бағасының өсуі 2023 жылғы 12,4%-дан 2024 жылғы желтоқсанда 13,3%-ға дейін жеделдеді, бұл негізінен «Тарифті инвестицияға айырбастау» мемлекеттік бағдарламасын іске асырумен байланысты болды. Тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге белгіленген тарифтердің жинақталған өсімі – 21,1%-ды, ал оның инфляцияға қосқан үлесі 1,1 пайыздық тармақты құрады. Тұрақты тұтынушылық сұраныс нарықтық көрсетілетін қызметтер бағасының өсуіне де ықпал етті.


³ Бұдан әрі мәтін бойынша сыртқы сектордың статистикасы бойынша есептеу төлем балансының әдіснамасы бойынша келтірілген



2024 жылдың бірінші жартысында базалық инфляция⁴ айтарлықтай баяулау көрсеткішін көрсетті, алайда жылдың екінші жартысында қайта өсе бастады (8-сурет). Маусымдық тазартылған базалық инфляцияны бағалау медианасы нысаналы деңгейден жоғары болып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің кең ауқымына бағаның орнықты өсуін көрсетеді. Жоғары ішкі сұраныс және тұрақсыз инфляциялық күтулер проинфляциялық қысымның негізгі факторлары болып қалып отыр. 2024 жыл ішінде халықтың инфляциялық күтулері біртіндеп төмендеді, бірақ жылдың соңында жоғары болып және қысқа мерзімді күтпеген өзгерістерге ұшырай отырып, 14,6%-ға дейін жеделдеді (9-сурет).


2024 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 8,6% деңгейінде қалыптасты, бұл 8–9% болжанған аралықтың ортасына сәйкес келеді. Қалыпты қатаң ақша-кредит саясатын қолдау орта мерзімді перспективада инфляцияны 5% деңгейінде төмендетуге және тұрақтандыруға ықпал етеді.

8-сурет. Базалық инфляция, % а/а



Дереккөзі: ҚР СЖЖРА ҰСБ деректері негізіндегі ҚРҰБ есептеуі

9-сурет. Халықтың инфляциялық күтулері, %



Дереккөзі: «Fusion Lab» ЖШС, ҚР СЖЖРА ҰСБ пікіртерімдері

Базалық мөлшерлеме болжамын жариялау

2024 жылғы қыркүйектен бастап Ұлттық Банк макроэкономикалық болжамдармен бірге Ақша-кредит саясаты туралы баяндамада базалық мөлшерлеменің болжамын жариялай бастады. Мөлшерлеме траекториясы – бұл медиана және пікірлер ауқымы түрінде ұсынылған Ақша-кредит саясаты комитеті мүшелерінің үш жылға арналған бағалауы.

Базалық мөлшерлеме болжамын жариялау саясаттың ашықтығын арттырады, инфляциялық күтулер мен инвестициялық жоспарлауға әсер ете отырып, нарықтың шешімдер логикасын түсінуін жақсарттады.

Бұл реттегі болжам көрсетілген траекторияны ұстану міндеттемесі болып табылмайды – мөлшерлеме шарттар өзгерген кезде түзетілуі мүмкін. Нарықтың қабылданған шешімдерді жақсы түсінуі үшін Ұлттық Банк ауытқулардың себептерін түсіндіретін болады.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі

Пайыздық арна. 2024 жылы ақша нарығының мөлшерлемесі базалық мөлшерлеме төмендеген кезде төмендеп, жыл соңында жоғарылағаннан кейін ұлғайып, онымен үйлесімді өзгеріп отырды. Ұлттық Банктің жыл басында ақша нарығының мөлшерлемелерін барынша нарықтық тұрғыдан қалыптастыру үшін РЕПО⁵ операцияларына тікелей қатысудан бас тартуы, сондай-ақ банк секторындағы өтімділіктің өсуі TONIA⁶ индикаторының базалық мөлшерлеме дәлізінің төменгі шегінен қайта-қайта төмен түсуіне ықпал етті. Бұл ретте 2024 жылғы 1 қазаннан бастап күшіне енген депозиттік аукциондар бойынша есеп айырысу тәртібін-

⁴ Базалық және маусымдық тазартылған инфляцияны бағалау К. Орловтың, И. Ержанның «Қазақстан үшін тұтыну бағаларының индексіне маусымдық түзету жүргізу ерекшеліктері», 2019 мақаласында сипатталған әдіснамаға негізделген. К. Орлов, А. Сейдахметов «Қазақстан үшін базалық инфляцияның әртүрлі бағалаулары», 2023.

⁵ Repurchase agreement – «сатып алу туралы келісім»

⁶ Tenge OverNight Index Average


дегі өзгерістер (Т+2-ден Т+0-ге көшу), сондай-ақ Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктермен индикаторды қалыптастырудағы олардың рөлінің маңыздылығы туралы коммуникациясын күшейту базалық мөлшерлеме дәлізі шегінде ақша нарығының мөлшерлемелерін қалпына келтіруге ықпал етті.

2024 жылы мемлекеттік бағалы қағаздардың (бұдан әрі – МБҚ) тәуекелсіз кірістілік қисығы инфляциялық күтулердің өзгерістерінің жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясатының және тапшылықты қаржыландыру үшін бюджет қажеттіліктерінің әсерінен қалыптасты. Бір жыл ішінде кірістілік қисығы негізінен инверсияланған нысанда болды. Бұл нарыққа қатысушылардың инфляциялық қысымды одан әрі төмендету мен орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада саясатты тиісінше жеңілдету жөніндегі күтулерін көрсетті. Алайда, жекелеген кезеңдерде МБҚ шығарылымы біркелкі болмаған жағдайда кірістілік қисығы өзге нысандарға ие болды.


Ақша-кредит саясаты кірістілік қисығының қысқа мерзімді және орта мерзімді сегменттеріне айтарлықтай әсер етті. Қарашада базалық мөлшерлеменің артуы, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың инфляциядағы қысқа мерзімді тәуекелдерінің өсуі МБҚ қысқа мерзімді кірістілігінің өсуіне алып келді.

Кредиттер бойынша мөлшерлемелер. 2024 жылғы қаңтардан қарашаға дейін заңды тұлғалардың кредиттері бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеменің өзгеруінен кейін біртіндеп төмендеді. Бұл ретте желтоқсанда базалық мөлшерлеменің көтерілуі аясында мөлшерлемелердің шамалы өсуі байқалды. Жеке тұлғалардың кредиттері бойынша мөлшерлемелер шамалы төмендеді және көбінесе тұтынушылық кредиттер бойынша мөлшерлемелер динамикасының әсерінен, оның ішінде банктердің жекелеген айларда бөліп төлеу бағдарламаларын жүргізуінен қалыптасты (11-сурет).

11-сурет. Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер, %



12-сурет. Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша мөлшерлемелер



Депозиттер бойынша мөлшерлемелер. Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері базалық мөлшерлемеден кейін 2024 жылғы қарашаға дейін: заңды тұлғалардың депозиттері бойынша – 13,2%-ға дейін (2023 жылғы желтоқсанда 14,6%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 13,2%-ға дейін (13,7%) төмендеді. 2024 жылғы қарашада базалық мөлшерлеменің өсуі корпоративтік депозиттер бойынша мөлшерлеменің 14,0%-ға дейін өсуіне алып келді, алайда жеке депозиттер бойынша мөлшерлеме өзгерген жоқ (12-сурет). Жалпы, заңды тұлғалардың салымдары бойынша мөлшерлемелер ақша-кредит шарттарының өзгеруіне тез ден қойды. Жеке тұлғалар салымдарының мөлшерлемелеріне Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (бұдан әрі – ҚДКҚ)⁷ тарапынан депозит нарығында нарықтық баға белгілеуді дамытуға бағытталған мөлшерлемелерді реттеудің жаңа тетігін енгізу де ықпал етті.

Кредит арнасы және депозиттер (әл-ауқат арнасы).

2024 жылдың қорытындысы бойынша кеңейтілген түрдегі анықтамада экономикаға берілген кредиттер⁸ 41,9 трлн теңгеге жетті (бір жылда 20,8%-ға өсті). Олардың өсуіне екінші деңгейдегі банктердің (20,9%-ға өсу). «Қазақстанның даму банкі» АҚ кредиттері, микроқаржы ұйымдарының және квазимемлекеттік сектордың басқа да субъектілерінің кредиттері үлес қосты. Ипотекалық ұйымдардың кредиттері теріс динамиканы көрсетті.

⁷ Толығырақ <https://www.kdif.kz> сілтемесі бойынша ҚДКҚ интернет-ресурсында

⁸ Кеңейтілген түрдегі анықтамада экономикаға берілетін кредиттер – бұл банк секторының, ипотекалық ұйымдардың, КМС субъектілерінің (нақты секторға кредит беруді жүзеге асыратын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ЕҰ) және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттері бойынша берешек




Екінші деңгейдегі банктердің кредиттеуі. 2024 жылы экономиканы кредиттеу 33,8 трлн теңгеге дейін 20,9%-ға ұлғайып, оң аймақта болды.

Бизнеске берілген кредиттер. Бизнеске берілген кредиттер экономикадағы жоғары жиынтық сұраныс пен цифрлық қаржы өнімдерінің кеңеюі аясында екі мәнді өсімді көрсетті. Кредиттердің өсуіне даму институттарының жеңілдікті кредиттеу бағдарламалары арқылы қаржыландырудың ұлғаюы да ықпал етті. Кредит берудің оң динамикасы кәсіпкерлік субъектілерінің барлық түрлері бөлінісінде (14-сурет) және барлық сегменттерде байқалды. Шағын бизнес сегментінде өсудің жоғары қарқыны байқалды, бұл ретте ірі және орта бизнеске берілген кредиттер де белсенді өсуді көрсетті.


Халыққа берілген кредиттер. Тұтынушылық кредиттеу бөліп төлеудің кең таралуы, қаржылық көрсетілетін қызметтерді цифрландыру, халықтың жоғары инфляциялық күтулері және автокредиттеудің кеңеюі аясында қарқынды өсім көрсетті. 2024 жылы тұтынушылық қарыздар 33,5%-ға (2023 жылы – 34,2%) өсті. 2024 жылы тұрғын үй құрылысына және оны сатып алуға жұмсалған қарыз портфелінің өсуі 6,3 трлн теңгеге жетіп, 15,5%-ды (2023 жылы – 13,2%) құрады. Ипотекалық кредиттеудің 14,5%-ға өсуіне мемлекеттік жеңілдікпен берілетін бағдарламаларды іске қосу және цифрлық ипотекалық өнімдерді белсенді түрде енгізу арқылы қолдау көрсетілді (13-сурет).

13-сурет. Банктердің бизнес пен халыққа берген кредиттік портфелінің өсу қарқыны, ж/ж, %




Депозиттер. 2024 жылы резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері тарихи ең жоғары көрсеткішке – 41,3 трлн теңгеге (өсім 19,1%) жетті. Депозиттік нарықтың оң динамикасы теңгедегі, сол сияқты валюталық салымдардың өсуімен қамтамасыз етілді (14-сурет). Теңгедегі депозиттер мен валюталық депозиттер арасындағы мөлшерлемелердің жоғары дифференциалы ұлттық валютадағы салымдардың тартымдылығын қамтамасыз етті. Нәтижесінде депозиттерді долларландыру 2024 жылғы желтоқсанда 22,5%-ға дейін (2023 жылғы желтоқсанда 23,2%) төмендеп, тарихи ең төмен көрсеткішке жақындау деңгейінде қалды. Жеке тұлғалардың салымдарын долларландыру да 20,3%-ға (22,4%) дейін төмендеді (15-сурет).

14-сурет. Депозиттік ұйымдардағы депозиттер, трлн теңге



15-сурет. Депозиттердің долларлану деңгейі



Экономикалық агенттердің жинақ әрекетін көрсететін халықтың жинақ нормасы⁹ 2024 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша тарихи ең жоғары көрсеткішке – 14,5%-ға жетті. III тоқсанда ол біршама төмендегенмен, өткен жылдардың осындай кезеңдерімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары деңгейде қалды.

⁹ Халықтың өмір сүру деңгейі бойынша СЖЖРА ҰСБ статистикасы негізінде мына формула пайдаланылды: Жинақ нормасы = (халықтың ақшалай кірісі – халықтың ақшалай шығысы)/халықтың ақшалай кірісі

Валюталық арна. 2024 жыл ішінде теңгенің айырбастау бағамының динамикасы сыртқы және ішкі факторлардың ықпалымен қалыптасып, түрлі бағытта болды. Жыл қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 15,5%-ға әлсіреді. Жалпы алғанда, айырбастау бағамы негізінен нарықтық сұраныс пен ұсыныстың (2024 жылы нетто-негізде Ұлттық Банктің (Ұлттық қор және Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері есебінен), квазимемлекеттік ұйымдардың және БЖЗҚ-ның валюталық операцияларының үлесі 16,9%-ды құрады) ықпалымен қалыптасты.


Жылдың бірінші жартысында бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан артық сатудың аясында ұлттық валюта нығайғанын көрсетті. Алайда жылдың екінші жартысында мұнай бағасының құбылмалылығы, Ресей рублінің әлсіреуі және АҚШ долларының жаһандық нығайуы аясында теңгенің әлсіреуі байқалды. Экономикалық агенттердің жоғары сұранысы және фискалдық ынталандыру жағдайында импорттаушылардан маусымдық сұраныс оның ішкі факторлары болды. Нарықты тұрақтандыру үшін шаралар қабылданды, оның ішінде интервенция жүргізу үшін ішкі валюта нарығында Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерінен 1 354,8 млн АҚШ доллары сомасына валютаны сату жүзеге асырылды, квазимемлекеттік субъектілердің валюта түсімінің 50%-ын міндетті түрде сату туралы норма жаңартылды. Бір жыл ішінде валюта нарығындағы ұсынысқа Ұлттық қордан алынған трансферттерді конвертациялау операцияларымен де қолдау жасалды. Жыл соңына қарай теңгенің әлсіреуі азық-түлікке жатпайтын инфляцияның жеделдеуіне ықпал етті.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

2024 жылы Қазақстанның қаржы секторы халық тарапынан кредиттерге деген жоғары сұраныс жағдайында орнықты дамуды жалғастырды. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп қаржы секторының тұрақтылығын арттыру шараларын қабылдады.

Қазақстанның банк секторының орнықты дамуы өтімділіктің жоғары қорымен, барабар капиталдан-дырумен, сондай-ақ негізгі көрсеткіштердің өсуімен сипатталды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша банктердің активтері – 19,7%-ға, банктердің міндеттемелері 18,1%-ға өсті. Банктердің жоғары өтімді активтері жиынтық активтердің 29,6%-ын құрап, 18,2 трлн теңгеге дейін 20,9%-ға өсті. 2024 жылы банк секторы капиталының жеткіліктілік коэффициенттері заңнамалық нормативтерден айтарлықтай асып түсті (k1 – 5,5%, k2 – 8%), ал банктердің несие портфелінің сапасы жоғары болып қалды.

16-сурет. Банк секторының негізгі көрсеткіштері, трлн теңгемен



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Банктерді қорландырудың негізгі қаражат көзі банк секторы міндеттемелерінің 80,7%-ын (олардың 67,6%-ы және 23,2% тиісінше мерзімді салымдар мен ағымдағы шоттарға тиесілі) құрайтын клиенттердің салымдары болып қала береді. 2024 жылы банктерге жүргізілген пікіртерім¹⁰ нәтижелері бойынша банктер микробизнес сегменті үшін өнімдерді белсенді түрде дамытты, оның ішінде бизнес-бөліп төлеулер және бизнеске арналған кредиттік карталар іске қосылды, шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) сегментінде белсенді кредиторлардың саны ұлғайды. Бұл ретте ШОБ-тың мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жеңілдікті қаржыландыруға тәуелді болу үрдісі сақталды. Ірі бизнеске кредит беру бөлігінде банктер бірқатар ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бастамашылық танытты.

Макропруденциялық мандатты күшейту. 2024 жылы Ұлттық Банктің мандатын күшейтетін түзетулер жобасы әзірленді: ол макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді белгілейді, ал Қазақстан Рес-

¹⁰ «Банктерге кредиттеу бойынша пікіртерім жүргізу» Ұлттық Банктің тоқсан сайынғы жарияланамы



публикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі олардың сақталуын бақылайды. Жоба халықаралық тәжірибе мен Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі – ХВҚ) Қаржы секторының бағалау бағдарламасы (FSAP) қорытындылары бойынша ұсынымдары ескеріле отырып дайындалды. Құралдардың арасында – капиталдың контрциклдік буферлері, борыш жүктемесі мен қарыз алушының кірісіне қатысты борыш коэффициенттері бар. Қажет болған кезде Ұлттық Банк халықаралық банк практикасында пайдаланылатын қосымша макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді белгілейтін болады. Заңнамалық түзетулер Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына жіберілді.

2024 жылы Ұлттық Банктің тәсілдері мен пайымын ашып көрсететін макропруденциялық саясат туралы құжат жарияланды. Саясатты тиімді іске асыру үшін макропруденциялық индикаторларға мониторинг жүргізіледі, ол 2024 жылдан бастап тоқсан сайын жарияланады.

Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес). 2024 жылы Кеңес қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша 5 отырыс өткізді. AQR¹¹, банктерді стресс-тестілеу, 2023 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есептің алдын ала қорытындылары, сондай-ақ Ұлттық қордың активтерін және фискалдық алшақтықты бағалау үшін Ұлттық макро-фискалдық модель бойынша мәселелер қаралды. Бөлшек кредиттеудегі теріс үдеуді азайту үшін секторлық контрциклдік капитал буферін енгізу талқыланды.

Кеңес шетелдік банктерді тартуға, банк заңнамасын ырықтандыруға және сенімді шетелдік инвесторлар үшін тартымды жағдайлар жасауға байланысты, ақша-кредит және фискалдық саясат арасындағы теңгерімсіздікке, бюджеттің теңгерімділігін арттыру шараларына қатысты мәселелерді де қарады. ХВҚ мен Дүниежүзілік Банктің ұсынымдарын орындау шеңберінде FSAP қорытындылары бойынша шетел валютасында өтімділікті ұсыну және Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің макропруденциялық саясаттағы өкілеттіктерін нақтылау мәселелері талқыланды.

ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ

Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін басқару

2024 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері 45,6¹² млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 9,9 млрд АҚШ долларына немесе 27,9%-ға артық (1-кесте).

1-кесте. Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерінің құрылымы

Портфельдің атауы	2024 жылғы 1 қаңтарда		2025 жылғы 1 қаңтарда		2024 жылғы кірістілік, АҚШ долларымен
	Нарықтық құны, млн АҚШ доллары	Үлесі, %	Нарықтық құны, млн АҚШ доллары	Үлесі, %	
Алтын портфелі	19 805,4	55,5%	23 982,7	52,5%	26,6%
Өтімділік портфелі	7 995,0	22,4%	6 816,2	14,9%	0,6%
Стратегиялық портфель	3 146,9	8,8%	3 898,4	8,5%	2,8%
Инвестициялық портфель	2 899,9	8,1%	9 014,1	19,7%	3,5% (валюталар себеті) 1,5% (АҚШ долларымен)
Балама құралдар портфелі	1 626,0	4,6%	1 703,8	3,7%	5,8%
Дамушы нарықтар портфелі	228,3	0,6%	233,1	0,5%	2,1%
Барлығы	35 701,5	100%	45 648,3	100%	

2024 жылғы сәуірде алтын-валюта активтерінің кірістілігін арттыру мақсатында сыртқы аллокирленбеген алтынды белсенді түрде басқару енгізілді. Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін басқару

¹¹ Asset Quality Review (Активтердің сапасын бағалау)

¹² 2024 жылдың соңында алтын-валюта резервтерінің көлемі 45,8 млрд АҚШ долларын құрады. Алтын-валюта резервтеріне ЕКВ-дегі активтер, алтын, Қазақстан Республикасының СДР-дағы ХВҚ-ға қоятын нетто-талаптары кіреді.

жөніндегі инвестициялық стратегиясында инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесі айқындалған. Резервтердің өтімділігін ұлғайту үшін және алтын-валюта активтерінің портфеліндегі алтынның жоғары үлесін ескере отырып, есепті жылы 6,2 млрд АҚШ доллары сомасына 78,5 тонна алтын сатылды.

Активтерді басқару тиімділігін арттыру мақсатында Ұлттық Банк міндеттемелерінің көлемінен 1 млрд АҚШ долларына асатын қаражатты өтімділік портфелінен 70%/30% нысаналы үлестірумен алтын-валюта активтерінің инвестициялық және стратегиялық портфельдеріне тоқсан сайын аударымдарды жүзеге асыру белгіленді. Осылайша, 2024 жылы өтімділік портфелінен: шамамен 6,0 млрд АҚШ доллары сомасында – инвестициялық портфельге, шамамен 665 млн АҚШ доллары сомасында алтын-валюта активтерінің стратегиялық портфеліне активтер аударымы жүзеге асырылды.

Қытайдың мемлекеттік бағалы қағаздарына салынатын инвестицияларды кеңейту мақсатында Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкін дамушы нарықтардың портфелі активтерінің бір бөлігін сыртқы басқарушы етіп бекіту арқылы оның консультация беру және активтерді басқару бағдарламасына (The Reserve Advisory & Management Partnership) қатысуы мақұлданды.

Ұлттық қордың активтерін басқару

Ұлттық қордың активтерін басқарудың негізгі мақсаты – оның активтерін сақтау, өтімділіктің жеткілікті деңгейін ұстап тұру, тәуекелдің тиісті деңгейі кезінде ұзақ мерзімді перспективада кірістілікті қамтамасыз ету. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қор активтерінің нарықтық құны 66,2 млрд АҚШ долларын, оның ішінде валюталық портфель көлемі 58,8 млрд АҚШ долларын құрады. Есепті жылы валюталық активтердің кірістілігі 7,6% немесе 4,6 млрд АҚШ долларын құрады (2-кесте).

2-кесте. Ұлттық қордың валюталық активтерін басқару нәтижелері

Портфельдің атауы	2024 жылғы 1 қаңтарда		2025 жылғы 1 қаңтарда		2024 жылғы кірістілік, АҚШ долларымен
	Нарықтық құны, млн АҚШ доллары	Жинақ портфелінің үлесі, %	Нарықтық құны, млн АҚШ доллары	Жинақ портфелінің үлесі, %	
Тұрақтандыру портфелі	8 174,9	–	3 450,0	–	5,3%
Жинақ портфелі	51 849,2	100,0%	56 054,0	100,0%	8,1%
Акциялар	17 207,2	33,2%	20 345,6	36,3%	18,5%
Дамыған елдердің облигациялары	15 190,4	29,3%	15 096,7	26,9%	(–)1,6%
Дамушы елдердің облигациялары	10 332,2	19,9%	10 579,3	18,9%	3,1%
Корпоративтік облигациялар	5 000,9	9,6%	5 131,6	9,2%	2,6%
Алтын	2 618,3	5,1%	3 314,5	5,9%	26,6%
Балама құралдар	1 500,2	2,9%	1 586,1	2,8%	5,7%
«ҰҚ – балаларға» бойынша міндеттемелер	(-) 664,9				
Валюталық активтердің барлығы	60 024,2		58 839,0		7,6%

Ұлттық қордың жинақ портфелінің активтерін консервативті бөлуден теңгерімді бөлуге (60% облигациялар, 30% акциялар, 5% алтын, 5% балама құралдар) ауыстыру оның ұзақ мерзімді кірістілігін арттыруға ықпал етті. Соңғы 10 жылда жинақ портфелінің кірістілігі консервативті аллокациядан жылдық мәнде 148 базистік тармаққа асып түсті.

2024 жылы Ұлттық қорды басқару стратегиясын жетілдіру жалғасты, атап айтқанда: дамыған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары портфелінің инвестициялық шектері ұзартылды, дамушы елдердің облигациялары портфелінің құрылымына 20% үлесі бар дамушы елдердің корпоративтік облигациялары енгізілді, сондай-ақ корпоративтік облигациялар портфелінің құралдары кеңейтілді.



Ұлттық қор қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру үшін жобалардың елдің стратегиялық мақсаттарына сәйкес келуін міндетті түрде бағалау және олардың қаржылық-экономикалық және техникалық негізділігін бағалау енгізілді. Облигациялық қарыздардың шарттары қатаңдатылды: Ұлттық қордан қаржыландыру үлесі – 50%-дан аспайды, қарыз мерзімі – 20 жылға дейін, ең төменгі сыйақы мөлшерлемелері белгіленді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару

2024 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2024 жылы 4.6 трлн теңгеге немесе 25,9%–ға ұлғайып, 22.4 трлн теңгені немесе зейнетақы жинақтары көлемінің 99,5%-ын құрады (3-кесте).

3-кесте. Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	2024 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы құны, млрд теңге	2024 жылғы 1 қаңтардағы үлесі, %	2025 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы құны, млрд теңге	2025 жылғы 1 қаңтардағы үлесі, %	Кезең ішіндегі өзгеріс, %
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	8 289,5	46,6%	9 317,7	41,6%	12,4%
Қазақстан Республикасы эмитенттерінің бағалы қағаздары және екінші деңгейдегі банктердегі салымдары	3 906,4	21,9%	4 030,2	18,0%	3,2%
Шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары, оның ішінде:	5 474,6	30,7%	9 019,8	40,2%	64,8%
сыртқы басқарудағы	2 379,0	13,4%	4 801,0	21,4%	101,8%
Инвестициялық шоттардағы ақша және «Кері РЕПО» операциялары	135,6	0,8%	47,3	0,2%	–65,2%
Барлығы	17 806,0	100%	22 415	100%	25,9%

2024 жыл ішінде жергілікті нарықта зейнетақы активтерінің портфеліне нарық шарттарымен 1366,1млрд теңге сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, 386,0млрд теңге сомасына Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектор эмитентінің, 270,6млрд теңге сомасына банктердің және 25,0млрд теңге сомасына халықаралық қаржы ұйымының облигациялары, сондай-ақ 3,6млрд АҚШ доллары көлемінде шетел валютасы сатып алынды, бұл портфельдің валюталық үлесін 40%–ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2024 жыл ішінде зейнетақы активтерінің валюталық портфелінің құрылымын оның нысаналы аллокациясына келтіру жұмысы жалғасты. Нәтижесінде 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша дамыған елдер облигацияларының үлесі зейнетақы активтерінің валюталық портфелінен 28,5%, дамушы елдер облигацияларының үлесі – 22,2%, корпоративтік облигациялардың үлесі – 19,8% және акциялардың үлесі – 26,4% болды. Бұл ретте 2024 жылы шетелдік басқарушы компаниялардың басқаруына берілген зейнетақы активтерінің көлемі 2,9млрд АҚШ долларын құрады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің кірістілігі 2024 жылы инфляция 8,6% кезінде 17,8% болды. Инвестициялық кіріс мөлшері 2023 жылмен салыстырғанда 1,8трлн теңгеге немесе 2,1есе ұлғайып, 3,4трлн теңгені құрады.

Тәуекелдерді (қаржылық) басқару

2024 жылы ағымдағы нарықтық және геосаяси конъюнктураны ескере отырып, шектеулер жүйесін, қаржылық тәуекелдердің лимиттері мен көрсеткіштерін жетілдіру жұмысы жалғасты.

Эталондық портфельді айқындауды, сыртқы аллокирленбеген алтын портфелі үшін рұқсат етілген құралдар тізімі мен инвестициялық және стратегиялық портфельдер арасында нысаналы бөлуді қоса алғанда, алтын-валюта активтерін басқарудың инвестициялық стратегиясының тәсілдері қайта қаралды. Портфельдер бойынша тәуекелдердің параметрлері төменде берілді (4-кесте).

4-кесте. Портфельдер бойынша тәуекелдердің параметрлері

Портфельдің атауы	Тәуекелдердің параметрлері	Белгіленген деңгейлер	Нақты деңгейлер
Стратегиялық портфель	95% ықтималдықпен 1 айдағы тәуекелді шама (Value-at-Risk)	10%	1,95%
Өтімділік портфелі	өтеуге дейінгі орташа өлшемді мерзім	1 жыл	0,02 жыл
Инвестициялық портфель	портфель дюрациясының (Duration) эталондық портфель дюрациясынан ауытқуы	+30%/–40%	5,62%
	портфель кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқуының күтілетін өзгергіштігі (Tracking error)	2%	0,28%

95% ықтималдықпен 1 жылдағы тәуекелдегі шаманың (Value-at-Risk) нақты деңгейі алтын-валюта активтерінің барлық портфелі үшін 13,47%–дан аспайды.

9 «Қаржы құралдары» халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес күтілетін кредиттік шығындардың провизияларын қалыптастыру тоқсан сайын жүзеге асырылды. 2024 жылдың соңында провизиялар көлемі 70,5млрд теңгені құрады.

Банктердің ішкі кредиттік рейтингтері тоқсан сайын қаржылық көрсеткіштер, активтердің сапасы және халықаралық агенттіктердің рейтингтері ескерілетін әдіснама негізінде белгіленді. 2024 жылы жұмыс істемейтін қарыздарды, қорландырудың қаражат көздерін және ірі кредиторлардың шоғырлануын бағалауды қоса алғанда, әдіснама жетілдірілді.

ТӨЛЕМ НАРЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ

Төлем жүйелері

Қазақстанда 15 төлем жүйесі, оның ішінде Ұлттық Банктің Банкаралық ақша аударымдары жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі жұмыс істейді. Олар теңгедегі қолма-қол ақшасыз төлемдердің көп бөлігін өңдейді. Карточкалық төлем жүйелерін қоса алғанда, жеке төлем жүйелері және ақша аударымдары жүйелері де жұмыс істейді.


Банкаралық ақша аударымдары жүйесі, Банкаралық клиринг жүйесі. Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмысқа жарамдылық коэффициенттері олардың жоғары деңгейде үздіксіз жұмыс істеу қабілетін растайды: 2024 жылы Банкаралық ақша аударымдары жүйесі бойынша жұмысқа жарамдылық коэффициенттері 99,96%, Банкаралық клиринг жүйесі бойынша 99,98% болды.

2024 жылы төлемдер саны 19,1%–ға, төлемдер сомасы 51,7%–ға ұлғайды (18-сурет). Орта есеппен алғанда күніне шамамен 6,0трлн теңге сомасына 352,6мың транзакция жүргізілді.

2024 жылдың соңында Банкаралық ақша аударымдары жүйесіне нарықтың барлық инфрақұрылымдық субъектілерін қоса алғанда, 31 қаржы ұйымы қатысты. Банкаралық клиринг жүйесінде 21 қатысушы болды. Банкаралық ақша аударымдары жүйесіндегі төлемдер саны бойынша ең көп үлес 3млн



18-сурет. Ұлттық Банктің төлем жүйелеріндегі төлемдер ағынының динамикасы



теңгеге дейінгі сомадағы (84,2%) төлемдерге тиесілі, бұл ретте көлемі бойынша төлемдердің негізгі сомасы 1 млрд теңгеден астам төлемдерге (үлесі – 89,4%) тиесілі.

Халықаралық ақша аударымдары жүйелері. 2024 жылдың соңында Қазақстанда банктік шот ашпастан 4 халықаралық ақша аударымдары жүйесі: «Золотая корона», Western Union, MoneyGram және UPT жұмыс істеді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша халықаралық ақша аударымдары жүйесі арқылы шетелге жіберілген аударымдар көлемі 18,6%-ға төмендеп, 788,9 млрд теңгені құрады. Бұл ретте

шетелге жіберілген бір аударымның орташа сомасы өзгерген жоқ және ол 373,6 мың теңге болды. Аударымдарды негізгі алушы елдер: Өзбекстан, Ресей, Түркия, Грузия және Қырғызстан.

2024 жылы Қазақстанға шетелден алынған аударымдар көлемі 23,5%-ға төмендеп, 236,8 млрд теңгені құрады. Бұл ретте шетелден жіберілген бір аударымның орташа сомасы 5,8%-ға өсіп, 300,6 мың теңге болды. Аударымдарды жіберуші негізгі елдер: Ресей, АҚШ, Оңтүстік Корея, Өзбекстан және Түркия.

Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы


Көрсетілетін төлем қызметтерін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және банктік емес төлем ұйымдары ұсынады.

2024 жылдың соңында 41,2 млн белсенді төлем карточкасы (6,5%-ға өсу) айналыста болды. Эмитенттері – 17 банк және «Қазпошта» АҚ, айналыстағы карталардың 67,1%-ын халықаралық жүйелердің карталары (Visa, Mastercard, UnionPay және т.б.) құрайды.

2024 жылы Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкалары пайдаланылып, 192,0 трлн теңге сомасына (16,4%-ға өсу) 13,1 млрд транзакция (13,4%-ға өсу) жүргізілді.

2024 жыл ішінде қолма-қол ақшасыз операциялар үлесінің өсуі және қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялар үлесінің төмендеуі байқалды (19-сурет).

19-сурет. Транзакциялардың түрі бойынша жалпы көрсеткіштегі операциялар үлесі, %-бен



Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген қолма-қол ақшасыз операциялардың саны мен көлемі тиісінше 13,6%-ға және 17,1%-ға өсіп, 166,2 трлн теңге сомасында 12,9 млрд транзакцияны құрады. Қолма-қол ақшасыз операциялардың өсуі негізінен тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін жасалған төлемдердің ұлғаюына негізделеді, бұл ретте қолма-қол ақшасыз операциялар көлемінің 90,3%-ы интернет және мобильді банкингтерге тиесілі.

Төлем ұйымдары көрсететін төлем қызметтері. 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша төлем ұйымдарының тізілімінде клиенттерге жүргізілген төлем қызметтерінің жекелеген түрлерін (төлем терми-

налдары арқылы төлем жасау, электрондық ақшаны тарату және оларды пайдалана отырып операцияларды өңдеу, интернет және мобильді қосымшалар арқылы төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар процессингі) көрсететін 133 төлем ұйымы ұсынылған.

2024 жылдың қорытындысы бойынша төлем ұйымдарының сервистері арқылы жүргізілген транзакциялар саны 3,3%-ға азайып, 925,0 млн транзакция болды, бұл ретте операциялар көлемі 2,3%-ға ұлғайып, 8,2 трлн теңгені құрады.

Қазақстандағы 46 электрондық ақша жүйесінің ішінде 42 жүйенің операторы төлем ұйымдары, оның 3-і – банк, 1-і – «Қазпошта» АҚ болып табылады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша төлем ұйымдары 776 млрд теңге сомасына электрондық ақшамен операциялар жүргізді, бұл барлық жұмыс істеп тұрған электрондық ақша жүйелері айналымының 72,3%-ын құрайды.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы

Бәсекелестікті кеңейту және нарықтың барлық қатысушылары үшін бірдей қашықтық пен бірдей қолжетімділік беру қағидаттарында қаржы экожүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын құру бойынша жұмыс жүргізді.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымының негізгі компоненттері – Ұлттық төлем жүйесі (Банкаралық ақша аударымдары жүйесі, Банкаралық клиринг жүйесі, Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі және Open API платформасының Мобильді төлемдердің банкаралық жүйесі), Қашықтықтан биометриялық сәйкестендіру платформасы – Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы, Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы, Цифрлық теңге және Ашық банкинг (Open API) платформалары.

2024 жылы Қазақстан Республикасында Ұлттық төлем жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде ішкі есеп айырысудың үздіксіз болуын және елішілік карточкалық транзакцияларды оқшаулауды қамтамасыз ету үшін Visa, Mastercard және UnionPay төлем карточкаларымен жергілікті операциялар бойынша банкаралық трафикті Төлем карточкаларының банкаралық жүйесіне аудару қамтамасыз етілді. Жүйе контурына 16 банк пен «Қазпошта» АҚ-ның ішкі ұлттық транзакцияларын өңдеу көшірілді.

2024 жылы Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі 1 миллиардтан астам операцияны өңдеді, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 15%-ға артық.

Open API платформасы негізінде телефон нөмірі мен QR-төлемдер бойынша банкаралық аударымдардың функционалы іске асырылды. 2025 жылы клиенттерге банкаралықсервистер көрсету үшін жүйеге барлық банктерді кезең-кезеңімен қосу жүргізіліп жатыр.

2024 жылы мүдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, банктердің және төлем жүйелеріне өзге де қатысушылардың қатысуымен Қазақстанның төлем жүйелеріне ISO 20022 халықаралық стандартын ендіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Төлем жүйелеріне қатысушылардың, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ бағдарламалық қамтылымы жетілдірілді (жаңа жүйеге көшу 2025 жылғы 13 қаңтарда бір мезгілде жүзеге асырылды).

2024 жылы жеке тұлғалардың құжаттарға қашықтықтан қол қоюы үшін жеке тұлғаны екі факторлы анықтап тану және бұлтты электрондық цифрлық қолтаңбаны басқару сервистері іске асырылып, Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығын жаңғырту жүзеге асырылды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының сервисіне 105 ұйым (15 банк және 90 банктік емес ұйым) қосылды. 2024 жылы сервис арқылы ұйымдардың 31,3 миллионға жуық сұранысы өңделді.

2024 жылғы 22 шілдеде алаяқтық операцияларына қарсы іс-қимыл жасау мақсатында құрылған және қаржы ұйымдарына алаяқтық транзакцияларды анықтауға және бұғаттауға, алаяқтық белгілері бар операцияларға жедел ден қоюға, оның қатысушылары арасында нақты уақыт режимінде ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Антифрод-орталыққа барлық банктердің, ірі төлем және микроқаржы ұйымдарының, Қазақстан Респуб-



ликасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдарының, ұялы операторлардың (қатысушылардың жалпы саны 111 ұйым) қосылуы қамтамасыз етілді.

2025 жылғы 20 наурыздағы жағдай бойынша 39 278 оқыс оқиға тіркелді. олар бойынша 2 млрд теңгеден астам қаражат уақтылы бұғатталды, оның ішінде жөнелтуші банк тарапынан 1,5 млрд теңге, алушы банк тарапынан 454,9 млн теңге бұғатталды.

Цифрлық теңге жобасы белсенді дамып келеді. Қазақстан Республикасының Үкіметімен және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп Атырау және Павлодар облыстарында автомобиль жолдарын салу және жөндеу (100 млн және 70 млн цифрлық теңге) шеңберінде, Ақмола облысында фермерлерге мал сатып алуға кредит беру және фермерлердің ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуын субсидиялау (81,8 млн және 2 млн цифрлық теңге) кезінде бюджет қаражатының цифрлық теңгемен жұмсалуды қадағалау жөніндегі пилоттық жобалар іске қосылды.

Ұлттық қордан цифрлық теңгедегі облигациялық қарыздар арқылы алынған қаражатты қадағалау жобасы да іске қосылды. Барлығы 252,9 млрд цифрлық теңге: «Достық – Мойынты» теміржолына 164 млрд цифрлық теңге және «Талдықорған – Үшарал» газ құбырына 88,9 млрд цифрлық теңге бөлінді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, қосылған құн салығын басқару тетігін жетілдіру үшін «Цифрлық ҚҚС» жобасы іске қосылды, соның нәтижесінде салық төлеушілерге ҚҚС-ны қайтару мерзімі 55 күннен 15 күнге дейін қысқарып, заңды тұлғалардың мемлекеттік бюджетке байланысты салықтары бойынша есеп айырысудың тиімділігі, ашықтығы және жеделдігі артты.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы қаржы нарығына барлық қатысушылардың тиімді өзара іс-қимылына кепілдік беріп, қаржылық қызмет көрсетудің сенімділігін, қауіпсіздігін және үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, нарыққа қатысушылардың цифрлық қаржы өнімдері мен шешімдерін құруы мен дамытуы үшін негіз қалыптастырады.

ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қолма-қол ақша эмиссиясы және айналысы

2024 жылы айналыстағы қолма-қол ақша сомасы 15,2%-ға ұлғайып, 4,7 трлн теңгені (оның 97,8%-ы банкноттар және 2,2%-ы айналыстағы монеталар) құрады.

Экономика субъектілерін қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету мақсатында өңірлерге жалпы салмағы шамамен 1 235 тонна болатын 2,4 трлн теңге сомаға түрлі номиналдағы банкноттар мен монеталар жеткізілді.

«Сақ стилі» банкноттарының жаңа сериясын шығару шеңберінде 2024 жылғы 28 маусымнан бастап номиналы 10 000 теңгелік, сондай-ақ 2024 жылғы 25 желтоқсаннан бастап номиналы 2 000 теңгелік банкноттар айналысқа шығарылды. 2025 жылы номиналы 1 000 және 500 теңгелік жаңа үлгідегі банкноттарды айналысқа шығару жоспарлануда.

Сонымен қатар, 2024 жылы Ұлттық Банк шығарған банкноттар мен монеталар халықаралық байқаулардың жүлдегерлері атанды. «Сақ стилі» сериясындағы номиналы 10 000 теңгелік банкнот Жоғары қорғалған басып шығару халықаралық байқауында (Бангкок) қорғаудың инновациялық технологиялары саласындағы жетістіктері мен көрнекті дизайны үшін «Үздік жаңа банкнот» санатында бірінші орынды иеленді. Номиналы 10 000 теңгелік TENGE 30 JYL мерекелік банкноты Валюталық мәселелер жөніндегі халықаралық қауымдастықтың байқауында «Үздік мерекелік банкнот» номинациясы бойынша марапатқа ие болды. TENGE 30 JYL мерекелік монетасы Валюталық мәселелер жөніндегі халықаралық қауымдастықтың байқауында «Үздік мерекелік монета» номинациясы бойынша марапат алды.

Банкноттар мен монеталардың сараптамасы

2024 жылы Ұлттық Банк 7,3 млн теңге сомасына (1 242 банкнот және 9 монета) 1 251 күмәнді ақша белгісіне сараптама жүргізді.

Ұлттық Банк пен банктер жалпы саны 516 000 теңге сомасына 108 дана қолдан жасалған ақша белгісін анықтады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 40,3%-ға аз. Соның ішінде Ұлттық Банк 153 000 теңге сомасына 41 қолдан жасалған ақша белгісін анықтады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 60,6%-ға аз.

Жиі қолдан жасалған банкноттар «5 000 теңге» – 51 дана (анықталған қолдан жасалған ақшаның жалпы санының 47,2%-ы) және «2 000 теңге» – 24 дана (22,2%).

Ең көп қолдан жасалған банкноттар – 39 дана немесе анықталған қолдан жасалған ақшаның жалпы санының 36,8%-ы Алматы қаласы мен Алматы облысында анықталды.

Коллекциялық және инвестициялық монеталар, аффинирленген алтынның өлшеуіш құймалары

2024 жылы Ұлттық Банк жоғары бедерлі монеталарды мөлдір эмальмен толтыру («AQ TUNGIYQ» монетасы) және мыстан жасалған бүтін металл элементті күміс монетаға қондыру («Cu» монетасы) сияқты монетаны соғудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, коллекциялық монеталарды шығарды.

2024 жылы күміс монеталардың 19 түрі, мельхиор қорытпасынан жасалған монеталардың 12 түрі, нейзильбер қорытпасынан жасалған 1 монета айналысқа шығарылды. 2024 жылы барлығы 275,7 мың дана коллекциялық монета (оның 21,7 мың данасы күміс, 154,0 мың данасы мельхиор қорытпасынан және 100,0 мың данасы нейзильбер қорытпасынан) шығарылды. Интернет-дүкен арқылы жалпы сомасы 1,1 млрд теңгеден асатын 141,1 мың дана коллекциялық монета сатылды.

2024 жылы Ұлттық Банк банктерге және банктік емес айырбастау пункттеріне жалпы салмағы 1,7 тонна болатын аффинирленген алтынның 47 395 өлшеуіш құймасын өткізді.

2024 жылы салмағы 20 грамм құйма (жалпы сату көлеміндегі үлесі 25%), одан әрі 10 грамдық (21%), 50 грамдық (19%), 100 грамдық (18%) және 5 грамдық (17%) құйма кеңінен пайдаланылды. Өлшеуіш құймаларға сұраныс негізінен Алматы, Шымкент және Қарағанды қалаларында орын алды.

ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Валюталық реттеу және валюталық операциялардың мониторингі

2024 жылы Ұлттық Банк Қазақстан Республикасындағы валюталық реттеудің негізгі органы ретінде елімізде валюталық реттеу жүйесін әдіснамалық сүйемелдеуді қамтамасыз етті. Валюталық заңнама-ны жетілдіру бойынша мынадай жұмыстар жүргізілді:

- төлем балансында жеке тұлғалардың операцияларын қамтуды арттыру, төлем балансы нашарлаған кезде шараларды қолдану тәртібін реттейтін нормалардың редакциясын нақтылау, сондай-ақ резидент заңды тұлғалардың қолма-қол шетел валютасын сатып алуын реттейтін қағидалар нормаларының әртүрлі түсіндірілуін болдырмау бөлігінде;
- валюталық операциялар туралы ақпаратты жедел алу және валюта нарығында талдау жүргізу үшін Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына, Ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларына және Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларына ұсынылған есептіліктерге түзетулер енгізу мерзімдерін қысқарту бөлігінде түзетулер енгізілді.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік кірістер органдарына валютаны репатриациялау талабының орындалуын валюталық бақылау функциясы сәтті табысталды. Экспорттық-импорттық валюталық бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларына түзетулер енгізілді, сондай-ақ Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомстволық ақпараттық жүйелері интеграцияланды.

2024 жылғы қарашада Үкімет ішкі валюта нарығында валюта ұсынысын қамтамасыз ету үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі нарықта экспорттық валюта түсімін міндетті түрде сатуы



жөніндегі норманы қолданысқа қайта енгізді. Өз кезегінде, Ұлттық Банк банктердің аталған талапты сақтауын бақылау тәртібін қамтамасыз етті.


2024 жылы капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттарды және шетелдік банктердегі шоттарды есептік тіркеу шеңберінде 4 061 есепке алу нөмірі берілді. Валюталық заңнаманың талаптарын сақтау тұрғысынан 10 уәкілетті банкке тексеру жүргізілді.

Жүргізілген тексерулердің, сондай-ақ бақылаудың өзге де нысандарының қорытындысы бойынша уәкілетті банктерге қатысты жалпы сомасы 10,6 млн теңгеге айыппұл түрінде әкімшілік өндіріп алу туралы 52 қаулы және ескерту түрінде өндіріп алу туралы 71 қаулы, өндірісті тоқтату туралы 2 шешім, сондай-ақ бұзушылықтарды жою туралы 7 талап шығарылды.

2025 жылы Ұлттық Банк валюта нарығының жай-күйіне талдау жүргізу, валюталық операцияларды реттеу әдіснамасын жетілдіру және валюталық бақылау агенттерінің валюталық заңнама талаптарын сақтауын қамтамасыз ету жұмысын жалғастыратын болады.

Қолма-қол шетел валютасымен жасалған операцияларды бақылау

20-сурет. ҚР қолма-қол шетел валютасы нарығы



2024 жылы уәкілетті ұйымдарға (бұдан әрі – УҰ) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру талаптарын сақтау бойынша 182 тексеру жүргізілді (жоспарлы – 129, жоспардан тыс – 20, құжаттамалық тексерулер – 33).

УҰ-ға қатысты тексерулердің қорытындысы бойынша 592 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды, оның ішінде: 242 іс бойынша – жалпы сомасы 90,2 млн теңгеге (Ұлттық Банк – 24,9 млн теңге, соттар – 65,3 млн теңге) айыппұл түрінде өндіріп алу, 287 іс бойынша – ескерту шарасы қолданылды, 21 іс – қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылды, 3 іс маңыздылығы төмен болғандықтан тоқтатылды және 39 іс – қаралу сатысында.

УҰ-ға қатысты 301 қадағалап ден қою шарасы қолданылды (230 – қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары, 71 – жазбаша ұйғарым), сондай-ақ 1 УҰ лицензиядан және оған қосымшадан айырылды және 1 УҰ-да лицензия 1 ай мерзімге тоқтатылды.

Сонымен қатар, 2024 жылы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру мәселесі бойынша 7 банкке тексеру жүргізілді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 37 іс қозғалды (19 іс бойынша – жалпы сомасы 1 млн теңгеге айыппұл түрінде және 18 іс бойынша – ескертулер түрінде өндіріп алу қолданылды).

2024 жылы «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 830 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оларға сәйкес банктерге Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің қолма-қол шетел валютасын Қазақстан Республикасынан әкетуге қойылған шектеулер және Ұлттық Банк өндірген және айналысқа шығарған инвестициялық монеталарды елден әкетуге салынған тыйым мерзімсіз тәртіппен алып тасталды.

СТАТИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Ұлттық Банк деректерді басқару жүйесін дамыту, деректерді өңдеуге қолданылатын платформалық тәсілдерді дамыту бойынша, ақпарат көздерін жаңарту, статистикалық деректердің сапасы мен талдамалық әлеуетін арттыру және ресми деректерді тарату құралдарын дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізеді.

2024 жылғы қарашада бета-нұсқада Ұлттық Банктің Ашық деректер репозиторийі – машинада оқылатын форматта өзекті жасырын емес деректерді сақтауға, таратуға және пайдалануға арналған платформа іске қосылды. Репозиторий API-сервистері арқылы талдамалық деректердің кең ауқымын ұсынып, олардың пайдаланушы жүйелерімен және BI-құралдарымен интеграциясын жеңілдетеді.

2024 жылы Ұлттық Банктің цифрлық трансформациясының тұжырымдамасы мен стратегиялық бағыттарын әзірлеу шеңберінде Ұлттық Банк және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі үшін ортақ мақсаты деректердің құндылығын және олармен жұмыс істеудің тиімділігін сапалы арттыру болып табылатын Ұлттық Банктің деректер фабрикасын құру үшін деректерді басқарудың және ұйымдық және технологиялық инфрақұрылымды дамытудың бірыңғай қағидаттарын қалыптастыру және ендіру бойынша жұмыс жүргізілді.

Ақша-кредит статистикасы және қаржы секторының статистикасы. 2024 жылы кредиттеу нарығы, банк секторының қаржылық көрсеткіштері және жинақтаушы зейнетақы жүйесінің секторы бойынша көрсеткіштер бөлігінде ақша-кредит статистикасы және қаржы нарығының статистикасы бойынша жарияланымдар құрамы толықтырылып, кеңейтілді.

Қаржы нарығы субъектілерінің бірыңғай базасын дамыту шеңберінде статистика, талдау және қадағалау мақсаттары үшін деректерді жинаудың деректерге негізделген форматтарын енгізу жалғасуда. Бұл есептілікті дайындау және ұсыну, респонденттерге әкімшілік жүктемені қысқарту процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелерінен транзакциялық деректерді Ұлттық Банктің Деректерді сақтау орнына тікелей жүктеу және жаңартылатын деректер витриналарын қалыптастыру іске асырылды. Сонымен қатар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-мен өзара іс-қимыл жасау үшін нормативтік база, технологиялық шешімдер және деректер витриналарының жобалары дайындалды. Банктердің, олардың стрестік активтерді басқаруды жүзеге асыратын еншілес ұйымдары мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының есептілігінің матрицалық нысандары қайта құрылады. Банктік шоттар (салымдар) бойынша нақтыланған деректерді жинаудың тұжырымдамасы, логикалық және физикалық модельдері пысықталды.

Сыртқы сектор статистикасы. 2024 жылы статистика сапасын жақсарту және төлем балансын болжау бойынша жұмыс жалғастырылды. Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш деректерінің дәлдігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізілді.

Криптовалютамен және квази-ақшамен операцияларды бөле отырып, жеке тұлғалардың операцияларын есепке алуды нақтылауды қоса алғанда, әдіснамалық түзетулер енгізілді. Көлік шығыстарын ескере отырып, трансшекаралық ағын статистикасы мен мұнай құнын түзету және жанама түрде өлшенетін қаржылық делдалдық қызметтерді есептеу, сондай-ақ деректердің сапасы мен салыстырмалылығын арттыру үшін ЕАЭО елдерінің орталық банктерімен төлем балансының және халықаралық инвестициялық позицияларының деректерін салыстырып қарау жүргізілді.

«Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығындағы бақалша саудаға баға берілді. 2025 жылғы статистикалық есептерді ұсыну үшін кәсіпорындардың тізімдері қалыптастырылып, Ұлттық Банктің порталына жүктелді. Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция, сыртқы борыш, нақты айырбастау бағамы және нақты тиімді айырбастау бағамы бойынша ашық деректер репозиторийін және «Smart Data Ukimet» ендіру жұмысы шеңберінде деректер жүктелді.

Алдын ала және нақты деректерді қоса алғанда, төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш бойынша статистикалық есептер тұрақты негізде жарияланып отырады.

Деректерді тарату бойынша құралдарды дамыту.

2024 жылы Ұлттық Банк ХВҚ-ның мемлекеттік қаржы статистикасы және ұлттық шоттар жүйесі бойынша бірлескен техникалық көмек миссиясы шеңберінде мүдделі мемлекеттік органдармен жұмыс кездесулеріне қатысты. Оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық шоттар жүйесінің статистикасын үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.



Ұлттық Банктің интернет-ресурсында жариялау, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға (ХВҚ, Дүние-жүзілік Банк, Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – ЕЭК), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ҰБДҰ) және рейтингтік агенттіктерге беру арқылы статистикалық деректер тұрақты негізде таратылды.

2024 жылы ХВҚ-ның ақша-кредит және қаржы статистикасы, сыртқы сектор статистикасы жөніндегі ұсынымдарына сәйкес әдіснамалық тәсілдерді жетілдіру мақсатында ХВҚ, ЕЭК сарапшыларымен және шет елдердің орталық банктерімен өзара іс-қимыл жалғасты.

ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

Зерттеулер шешімдер қабылдауға талдамалық қолдау көрсете отырып, Ұлттық Банк қызметінің ажырамас әрі негіз құраушы элементі болып табылады. 2024 жылы Ұлттық Банктің қызметкерлері ресми интернет-ресурста және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуын» қоса алғанда, рецензияланатын журналдарда жарияланған 27 ғылыми және шолу мақалаларын дайындады.

Зерттеулер инфляцияны болжауды, айырбастау бағамының әсерін және тұтынушылық сұраныстың динамикасын қоса алғанда, макроэкономикалық және ақша-кредит саясатының негізгі аспектілерін қамтыды. Өмір сапасының детерминанттары, бюджеттік қағидалар, фискалдық мультипликаторлар және макропруденциялық және монетарлық саясаттың өзара іс-қимылы зерделенді. Ұлттық Банктің баспасөз релиздеріне талдау жүргізілді. Қазақстанның сыртқы секторын талдау Баласс-Самуэльсон әсерінің ықпалын және сыртқы сектордың орнықтылығын қамтыды.

Қаржы нарықтары мен банк секторы банктердің капиталын бағалау, банктік емес қаржыландыруды, сақтандыру аннуитеттерін және мемлекеттік бағалы қағаздарды талдау арқылы зерттелді, крипто-активтер, цифрлық валюталар және қаржы секторында ЖИ-ді қолдану зерделенді. Сонымен қатар инвестициялар, жасыл кредиттеу және орнықты даму бойынша салыстырмалы шолу (ESG) жүргізілді.

2024 жылы Ұлттық Банк «Ақша-кредит саясаты туралы баяндама», «Инфляциялық үрдістер», «Инфляциялық күтулер», «Өңірлердегі инфляциялық үрдістер» сияқты инфляция және ақша-кредит саясаты бойынша талдамалық материалдарды жариялауды жалғастырды. Нақты сектор кәсіпорындарының пікіртерімдері конъюнктуралық және салалық шолулар үшін негіз болды.

Ұлттық Банк зерттеу және білім беру орталықтары, халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен макроэкономикалық саясат және қаржы нарықтары саласындағы зерттеулерге арналған «Экономикалық дамудың сын-қатерлері мен перспективалары» атты IV халықаралық конференция өткізді. Конференцияның материалдары «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» арнайы басылымында жарияланды. Сарапшылармен өзара іс-қимыл жасаудың жаңа форматы – сараптамалық-талдау клубы да іске асырылды. Қазақстандағы қаржылық тұрақтылықты бағалау мәселелері бойынша отырыс өткізілді.

2024 жылы Ұлттық Банктің зерттеу гранттарын ұсынуға екі конкурстық іріктеу өткізілді. Бірінші конкурс шеңберінде орнықты өсу үшін инвестициялардың оңтайлы деңгейін зерттеуге гранттар бөлінді, ал ақша айналысын ынталандыруға арналған екінші конкурс 2025 жылы аяқталады. Ұлттық Банк төлем артықшылықтарына да социологиялық зерттеу жүргізіп, ақша нарығын дамыту бойынша ұсынымдар дайындай отырып, Еуропа қайта құру және даму банкімен Money Market Diagnostics Framework бірлескен жобасын аяқтады.

Сонымен қатар Ұлттық Банк техникалық көмек шеңберінде де бірқатар жобаларды іске асырды. Мәселен, 2024 жылы ХВҚ-мен бірлескен бірнеше жоба: (1) Тоқсандық болжамдық модельді (QPM) жетілдіру және FPAS¹³ шеңберінде оның параметрлерін нақтылау; (2) қаржы нарығының негізгі индикаторларын қысқа мерзімде болжау модельдерінің жүйесін құру; (3) ақша-кредит саясаты бойынша шешім қабылдау процесінің тиімділігін арттыру жобалары іске қосылды. Кореяның Орталық банкімен және Ёнсей университетімен бірлесіп DSGE¹⁴ екі агентті жаңа кейнсиандық моделі (TANK) құрылды. Сонымен қатар Ұлттық Банк Әзірбайжан Орталық Банкіне талдау және болжау жүйесі мәселелері бойынша техникалық көмек көрсетті.

2024 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банктің ғылыми ынтымақтастығын күшейту үшін құрылымдық проблемалар мен экономикалық процестерді талдауға бағытталған макроэкономикалық зерттеу басталды, бұл баға тұрақтылығы мақсатында монетарлық саясатты үйлестіру үшін маңызды болып табылады.

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

2024 жыл ішінде Ұлттық Банк ашықтық пен транспаренттік қағидаттарын ұстана отырып, коммуникациялардың әртүрлі арналары арқылы жалпы жұртшылықты, қаржы ұйымдарын, сарапшылар қоғамдастығын өзінің қызметі туралы хабардар ету жұмысын жалғастырды.

Түрлі форматтағы барлығы 300-ден астам ақпараттық материалдар, оның ішінде баспасөз релиздері мен ресми хабарлар, Ұлттық Банк басшылығының сұхбаттары жарияланды.

Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеме бойынша шешімдерін түсіндіру шеңберінде баспасөз релиздері мен Ұлттық Банк Төрағасының мәлімдемелері жарияланды. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған Ұлттық Банк басшылығының брифингтерімен сабақтасып отырды, олар гибридік форматта өткізіліп, Ұлттық Банктің Youtube-арнасында трансляцияланды.

Ұлттық Банктің коммуникациялық саясат саласындағы қызметінің тағы бір маңызды бағыты бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі – БАҚ) шамамен 80 өкілі қатысқан Қазақстан қаржыгерлерінің конгресін ақпараттық жариялау болды.

Бір жыл ішінде Ұлттық Банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларын дамыту бойынша да жоспарлы түрде жұмыс жүргізілді. TikTok-та Ұлттық Банктің парақшасы ашылды. 2024 жылдың соңына қарай Ұлттық Банктің ресми аккаунттарының жиынтық аудиториясы 41 мыңнан астам жазылушыны құрап, жарияланымдардың қаралуы 100 мыңнан астам пайдаланушыны қамтыды. Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсының аудиториясы 3 миллион пайдаланушыны құрайды, 2024 жылы парақшаны қарау 7 миллиондық көрсеткіштен асты.

Ұлттық Банктің кәсіби аудиториямен және сарапшылар қоғамдастығымен коммуникациясын жақсарту мақсатында медиа және қаржы сарапшыларымен дөңгелек үстелдер өткізілді.

Ұлттық Банк бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді түрде өзара іс-қимылды жалғастыруда: бір жыл ішінде Ұлттық Банктің баспасөз қызметіне қазақстандық және шетелдік БАҚ-тан шамамен 350 сұрату келіп түсті, ресми түсіндірмелер жазбаша түрде, сондай-ақ бейнеформатта ұсынылды.

Ұлттық Банк барынша ашықтық пен айқындылықты қамтамасыз ету үшін коммуникация саласында транспаренттілік стандарттарын ұстануды, елдің ақпараттық күн тәртібіне қатысуды және жұртшылықты қызметінің негізгі бағыттары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабардар етуді жалғастырады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2024 жылы Ұлттық Банк шетелдік әріптестер – орталық банктермен, халықаралық қаржы ұйымдарымен және өңірлік интеграциялық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жалғастырды.

Ұлттық Банктің басшылығы ХВҚ мен Дүниежүзілік банк тобының көктемгі және жыл сайынғы кездесулеріне (2024 жылғы сәуір, қазан), ХВҚ кеңесші органдарының отырыстарына, орталық банктермен және Кавказ, Орталық Азия, Таяу Шығыс және Парсы шығанағы елдерінің қаржы реттеушілерімен алқалы пікірталастарға қатысты. Жыл сайынғы кездесулер алаңында Қазақстан Республикасы мен ХВҚ арасында Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін әлеуетті дамытудың өңірлік орталығына қатысты меморандумға қол қойылды. Орталықтың жұмысы Қазақстан мен өңірдің қаржылық-экономикалық блогының институционалдық дамуына және сараптамалық-талдамалық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

¹³ талдау және болжау жүйесі

¹⁴ Dynamic Stochastic General Equilibrium – бұл жалпы тепе-теңдіктің динамикалық стохастикалық модельдері



Ұлттық Банкте ХВҚ-ның консультациялық миссиялары (2024 жылғы мамыр, қазан) өткізілді. ХВҚ талдаушылары ақша-кредит саясатының тиімділігі артқан, Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені төмендетудегі байыпты тәсілін, инфляциялық таргеттеу режиміне бейімділікті және ақша-кредит саясатының трансмиссиясын жақсарту бойынша жұмысты атап өтті.

Ұлттық Банк өкілдері тәжірибе алмасу, ағымдағы экономикалық және қаржылық трендтерді талдау, жаһандық тәуекелдерді талқылау мақсатында Халықаралық есеп айырысу банкінің жыл сайынғы жалпы жиналысына (2024 жылғы маусым) қатысты. Банктің инновациялық орталығының басшылығымен кездесулер өткізді.

2024 жылы Дүниежүзілік банктің, Еуропа орталық банкінің, ЕҚДБ-ның, Азия даму банкінің, инвестициялық компаниялар мен қорлардың, сондай-ақ орталық банктердің (Аустрия, Әзірбайжан, Мажарстан, Германия, Грузия, Иран, Қытай, Оңтүстік Корея, БАӘ, Ресей Федерациясы, Сингапур, АҚШ, Түркия, Швейцария) басшылығымен кездесулер өтті. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша диалогты нығайту, тәжірибемен және ақпаратпен алмасу мақсатында Грузияның Ұлттық Банкімен, Германияның, Түркияның орталық банктерімен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдарға, сондай-ақ Корея банкімен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға мемлекеттік сапары (2024 жылғы шілде) шеңберінде Ұлттық Банк пен Қытай халық банкі Орталық банктердің цифрлық валюталары саласындағы ынтымақтастықты кеңейту бойынша өзара түсіністік туралы меморандум жасады.

Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын кеңейту мақсатында Түркі мемлекеттері ұйымына қатысушы елдердің Орталық банктер кеңесін құру туралы меморандумға (2024 жылғы қараша) қол қойды.

Ішкі нарыққа шетелдік инвестициялардың ағынын ұлғайту және инвесторлық базаны әртараптандыру мақсатында әлеуетті институционалдық инвесторлармен кездесулер: макроэкономикалық ахуал туралы шолу ұсыну, ағымдағы ынтымақтастықты активтерді басқару жөніндегі жаһандық компаниялармен талқылау үшін Ұлттық Банк басшылығының Ұлыбританияға сапары ұйымдастырылды. Нью-Йоркте Қазақстанға инвестициялар тарту және жаһандық қаржы нарығының негізгі қатысушыларымен және инвесторлармен стратегиялық және экономикалық байланысты нығайту үшін маңызды платформа «Kazakhstan Finance Day» өтті.

2024 жылы Ұлттық Банк шетелдік орталық (ұлттық) банктермен және халықаралық қаржы ұйымдарымен сараптамалық диалогты және техникалық консультацияларды нығайту бойынша, оның ішінде макроэкономикалық талдау мен болжауды жетілдіру, капиталдың контрциклдік буферін қолдану, DSGE моделін әзірлеу, соңғы сатыдағы қарызды беру тетігін жетілдіру, криптоактивтер мен цифрлық қаржылық активтер нарығын реттеу, цифрлық валюталарды дамыту мәселелері бойынша жұмыс жүргізді. Сонымен қатар Ұлттық Банк Әзірбайжан, Түркия, Тәжікстан және Өзбекстан орталық банктеріне техникалық көмек көрсетті, сондай-ақ халықаралық келісімдердің шарттық-құқықтық базасын жаңарту бойынша жұмыс жүргізді.

Ұлттық Банк халықаралық рейтингтік агенттіктермен консультацияларға тұрақты түрде қатысты. Соның нәтижесінде Moody's Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін «тұрақты» деген болжамы бар «Baa1» деңгейіне дейін көтерді, бұл инвестициялық тартымдылықтың өсуіне, қарыз алу құнының төмендеуіне және экономикаға деген сенімнің нығаюына ықпал етеді.

Банк секторында бәсекелестікті арттыру және Қазақстанның қаржы нарығына сенімді банктік ұйымдарды және қаржы ұйымдарын тарту мақсатында орталық банктермен, қаржы реттеушілерімен, ірі қаржы ұйымдарымен және Аустрия, Мажарстан, Қытай, Корея, Түркия, БАӘ банктерінің федерацияларымен келіссөздер жүргізілді.

Ұлттық Банктің басшылығы Валюта саясаты жөніндегі консультациялық кеңестің отырыстарына (2024 жылғы маусым, желтоқсан), Орталық банктердің Еуразиялық кеңесінің 50-ші отырысына қатысты, оның барысында ақша-кредит саясаты, банк секторы және виртуалды активтерді реттеу мәселелері талқыланды. Ұлттық Банк Орталық Азия елдерінің төлем жүйелерін дамыту мәселелері бойынша өңірлік кездесуге (2024 жылғы маусым) қатысты.

ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

2024 жылғы сәуірде BCG және Axellecт консорциумымен бірлесіп Ұлттық Банктің цифрлық стратегиясын әзірлеу бойынша жұмыс басталды.

2024 жылғы сәуір-желтоқсан аралығындағы кезеңде бизнес-процестер архитектурасының, қосымшалардың, деректер ландшафтының, Ұлттық Банктің АКТ-инфрақұрылымының, Ұлттық Банктің, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ның, «ҚҰБ Банктік сервистік бюросы» АҚ-ның АТ-Операциялық моделінің ағымдағы жай-күйін зерттеу және нысаналы жай-күйін әзірлеу жүргізілді.

Бірқатар стратегиялық кездесулер мен талқылаудың қорытындысы бойынша екі құжат – Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің цифрлық трансформациясы бойынша жоғарғы деңгейлі стратегиялық құжат – Қаржы реттеушілерінің 2025–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформациялау стратегиясы, сондай-ақ Ұлттық Банктің цифрландыру бағыттары бар неғұрлым егжей-тегжейлі құжат – ҚРҰБ-ның 2025–2029 жылдарға арналған цифрландыру және деректерді басқару стратегиясы әзірленді.

2024 жылдың 24 желтоқсанында Ұлттық Банк Басқармасы 2025–2029 жылдарға арналған Қаржылық реттеушілердің цифрлық трансформациясы стратегиясын бекітті. Бұл стратегиялық құжатта бес негізгі бағыт сипатталған:

- 1) Орнықты ұлттық цифрлық қаржы экожүйесі;
- 2) Технологиялық реттеуші;
- 3) Деректерді басқарудың заманауи инфрақұрылымы;
- 4) Технологиялық платформалар мен АКТ инфрақұрылымын дамыту;
- 5) Инновация мәдениетін дамыту және икемді басқару әдістерін енгізу.

2024 жылғы 27 желтоқсанда Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі ұсынылатын бастамалардың/жобалардың ағымдағы жай-күйі, нысаналы жай-күйі кеңінен сипатталатын құжатты – Ұлттық Банктің 2025–2029 жылдарға арналған цифрландыру және деректерді басқару стратегиясын олардың ресурсстарды 3 (үш) мынадай бағыт:

- 1) Деректерді басқарудың заманауи инфрақұрылымы;
- 2) Технологиялық платформалар мен АКТ-инфрақұрылымын дамыту;
- 3) Инновация мәдениетін дамыту және басқарудың икемді әдістерін ендіру.

Цифрландыру және деректерді басқару стратегиясы шеңберінде таңдап алынған стратегиялық құжаттарға қол жеткізудің негізгі өлшемдері анықталды:

1. АЖ-ның 99,9999% деңгейінде қолжетімді болуын қамтамасыз ету;
2. Технологиялық борыш индексін төмендету;
3. Бөлімшелерді цифрландыру индексін арттыру;
4. Деректерді басқару практикасын дамыту деңгейін арттыру;
5. Жоспарланған портфельден өткізілген портфель өзгерістерінің үлесі.

5 жылға арналған жобалардың жалпы портфелі 5 бағыт бөлінісінде 100-ден астам жобаны құрайды.

ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ҰЙЫМДЫҚ ДАМУЫ

АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

Ұлттық Банкте өзінің қызметі мен бөлімшелерін тиімді жоспарлауға және ұйымдастыруға, Ұлттық Банктің стратегиялық міндеттерге табысты қол жеткізуі үшін айқындаушы фактор ретінде кәсіби және тиімділігі жоғары адам капиталын қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталған тұтас басқару жүйесі құрылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Ұлттық Банктің жалпы штат санын 2 161 бірлік көлемінде бекітті. Ұлттық Банк гендерлік теңдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді: басшылықтың құрамындағы әйелдердің саны – 205 адам (51%). Персоналының орташа жасы – 41,6 жас. Кадрлардың тұрақтамау деңгейі – 4,4%.

2024 жылы кадр құрамы 47 жоғары білікті қызметкермен, оның ішінде: Президенттік жастар кадр резервінен 2 маманмен, «Назарбаев Университеті» ДБҰ-дан және «Нархоз университеті» КЕАҚ-тан 20 магистрантпен, шетелдік білімі бар 25 қызметкермен күшейтілді.

2024 жылғы наурызда Ұлттық Банк халықаралық ынтымақтастық және кәсіби даму саласындағы халықаралық байланысты нығайту шеңберінде Астана қаласында ЕАЭО орталық (ұлттық) банктерінің персоналын кәсіптік оқыту мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысын ұйымдастырып, оның қорытындысы бойынша бұдан кейінгі ынтымақтастық мәселелері бойынша шешімдер қабылданды.

Үкімет, Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасындағы 2024–2026 жылдарға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы үш жақты келісімді іске асыру шеңберінде мемлекеттік органдардың және Ұлттық Банктің басшылары үшін макроэкономика, ақша-кредит саясаты және фискалдық саясат мәселелерін қамтитын «Мемлекеттік басқарудағы макроэкономикалық болжам жасау» тақырыбы бойынша оқыту өткізілді.

Ұлттық Банк, мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдары үшін кәсіби кадрлар даярлау бойынша Ұлттық Банк кешенді жұмыс жүргізуде: «Назарбаев Университеті» ДБҰ, «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ және «Нархоз университеті» КЕАҚ-қа магистратура бағдарламалары бойынша оқытуға жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық шеңберінде жеке тұлғаларға 28 грант бөлінді; Ұлттық Банктің 23 қызметкері «Astana IT University» ЖШС-ға MBA бағдарламасы бойынша және 5 қызметкері «Назарбаев Университеті» ДБҰ-ға EMBA бағдарламасы бойынша оқуға жіберілді.

Персоналдың кәсіби және жеке құзыреттерін дамыту шеңберінде қызметкерлердің негізгі құзыреттеріне бағалау жүргізіліп, даму бағыттары айқындалды: оқығандар саны 3 441 болды, оның ішінде: 361 – Ұлттық Банк базасында; 983 – Қазақстанда; 2 097 қызметкер шетелде оқыды.

ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОРҒАЛУЫН ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2024 жылы Ұлттық Банк киберорнықтылықты арттыру, әлеуетті қауіп-қатерлер мен нысаналы шабуылдардың алдын алу бойынша жұмысты жалғастырды. Қаржы саласындағы кибероқыс оқиғаларды жинау, мониторингтеу және оларға ден қою бойынша бірыңғай технологиялық платформаны дамыту жөніндегі іс-шаралар жүргізілді, корпоративтік қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, тәуекелдерді басқаруға және терроризмге қарсы қорғалуға сараланған тәсіл қолданылды.

Ұлттық Банк Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары шеңберінде халықтың кибералақтық туралы хабардар болуын арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізді. БАҚ-та және ресми ресурстарда интернет-алақтықтың алдын алуға бағыт-



талған 9 ақпараттық хабар және 4 бейнеролик жарияланды. Бұдан басқа, Ұлттық Банктің беделін қорғау үшін фишингтік домендерді автоматты түрде анықтауға арналған бағдарламалық робот әзірленді. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықта алаяқтық белсенділік белгілері бар бірқатар ресурстар бұғатталды.

Ұлттық Банк Астана қаласындағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының бағдарламалары офисімен бірлесіп, «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, киберқылмысқа және қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспар» жобасын әзірлеу бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы ведомствоаралық үйлестіру тобының отырыстарына қатысты.

Ұлттық заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарының отырыстарына қатысты.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастық әлеуетін іске асыру шеңберінде 2025 жылы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің орталық банктері арасындағы қашықтан кибер оқу-жаттығулардың бірінші кезеңіне қатысу мәселесі пысықталды.

2024 жылы Ұлттық Банкте ақпараттандыру объектілерінің жұмысында залалға немесе іркілістерге әкеп соқтырған корпоративтік қауіпсіздік және терроризмге қарсы қорғалу бойынша оқыс оқиғалар болған жоқ.

ІШКІ АУДИТ

Ұлттық Банкте 30 жылдан астам аудиторлық тексерулерді жоспарлау мен жүргізуде тәуекелге бағдарланған тәсіл қолданылатын стандарттар мен ережелерге негізделген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін жетілген ішкі аудит институты жұмыс істейді.

2024 жылы корпоративтік басқаруды күшейтуге, ішкі бақылау мен тәуекел-менеджментті жетілдіруге ықпал еткен Ұлттық Банктің және оның еншілес ұйымдарының негізгі бизнес-процестерін қамтыған аудиторлық тексерулердің үш жылдық циклі аяқталды, сондай-ақ филиалдардың сақтау орынындағы құнды заттардың сақтаулы күйде екені расталды. 2025–2027 жылдарға арналған тәуекелге бағдарланған орта мерзімді тексеру жоспары бекітілді.

2024 жылы Нидерланд Орталық Банкі Ұлттық Банктің ішкі аудитіне сыртқы бағалау жүргізіп, оның халықаралық стандарттарға және Халықаралық Ішкі аудиторлар институты аудиторларының Әдеп кодексіне толық сәйкестігін растады, бұл Ұлттық Банктегі аудит сапасының жоғары деңгейін көрсетеді.

Тәжікстанда ЕАЭО орталық банктерінің аудиті жөніндегі консультативтік кеңестің 12-ші отырысына қатысты. Кездесуде Ұлттық Банктің консультациялық қызметтер мен синергетикалық аудиттегі табысты практикасы ұсынылды.

Ішкі аудиттің және корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру үшін Ұлттық Банктің өкілдері Ұлттық Банктің еншілес ұйымдарының директорлар кеңестері жанындағы аудиторлық комитеттердің 15-ші отырысына қатысты.

Тәжірибемен және біліммен алмасу мақсатында басқа елдердің орталық банктерінің, Ұлттық Банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері үшін семинарлар мен тағылымдамалар өткізілді. Қатысушылар тәуекел-менеджмент, бақылаудың тиімді шаралары саласында білім алып, Ұлттық Банктің ішкі аудитінің табысты практикасымен танысты.



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

2024 жылы операциялық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында бизнес-процестерге тәуелсіз бағалау жүргізу бойынша жұмыс жалғастырылды. Бизнес-процестер сипатталып, оларға тән тәуекелдер сәйкестендірілді және ұсынымдардың иелерімен талқылау жүргізілді. Ұлттық Банктің барлық бизнес-процесінің өзекті кешенді тәуекелдер картасын қалыптастыру жұмыстың қорытындысы болды.

Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін резервтік алаңды құру, жөндеу және жарақтандыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Барлық кезең аяқталғаннан кейін оны қашықтықтан да, орнында да тестілеу орындалды.

Халықаралық тәжірибені зерделеуді және шетелдік әріптестермен консультацияларды қоса алғанда, операциялық тәуекелдерді басқару, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және ақпаратты қорғау әдіснамасын жақсарту жұмысы жалғастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және азайту үшін жекелеген бөлімшелерге ішкі талдау жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар берілді. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және стандарттарды сақтау қажеттілігі туралы хабардар етілді.

Ұлттық Банк қызметінің мәселелері бойынша азаматтардың жолданымдары – шағымдарына басым назар аударылды. Осы жұмыс шеңберінде әдептің бұзылуы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және мүдделер қайшылығы туралы хабарлар үшін anticorruption@nationalbank.kz электрондық поштасы мен «сенім телефонының» жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Бұл арналар арқылы қызметкерлерге шағымдар түскен жоқ.

2024 жылы сатып алу процесін үнемі қадағалау және бақылау мақсатында тиісті порталда жалпы сомасы 10 млрд теңгеден асатын сатып алуды қамтыған тұрақты мониторинг жүргізілді.

Заңсыз кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ) рәсімдерін жетілдіру үшін Ұлттық Банктің саясаты жетілдірілді, салық салуда жеңілдігі бар елдердің тізбесі және оффшорлық юрисдикциялар бойынша анықтамалық жасалды. Аумақтық филиалдардың қызметкерлері үшін оқыту семинарлары, сондай-ақ Азия даму банкінің және шет елдердің орталық банктерінің сарапшыларымен кездесулер және конференц-коллдар өткізілді. Ұлттық Банктің қызметкерлеріне КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша тұрақты түрде консультациялық қолдау көрсетілді.

Қорғалатын деректердің таралып кету тәуекелін барынша азайтудың ішкі жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы бойынша ішкі бақылау шеңберінде Ұлттық Банктің жекелеген аумақтық филиалдарына қатысты бақылау іс-шаралары жүзеге асырылды.